# Өзін-өзі тәрбиелеу – педагог-психологтың кәсіби шеберлігінің қалыптасу шарты ретінде

«Мұғалім өз білімі мен тәрбиесін ұдайы жетілдіріп отырғанда ғана басқаларға білім беріп, тәрбиелеуге қабілетті»

(А. Дистервег)



**Орындаған: Мамбетниязова А.**
**Яқып А.**
**Жарылқап У.**
**Қошқарбаева А.**
**Тексерген:Жұмабекова Қ. Б.**

- Әлі күнге дейін еңбектері маңыздылығын жоғалтпаған 1930 жылдардың Ұлы педагогы А.С. Макаренко педагогикаға күтпеген жерден келгендігін, десе де педагогикалық шеберлікті меңгеріп алғандығын мойындайды.
- Дәл осындай нәтижеге өзін-өзі тәрбиелей алатын және тынбай еңбек ететін кез келген



**Өзін-өзі тәрбиелеу** — адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие процессінің құрамды белігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады.



Әр адамның бір біріне ұқсамайтын ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Бірақ сол ерекшелікті көрсету көп адамда қиындықтар туғызады. Бірақ адам шебер педагог немесе әртіс болып та бірден туылмайды.  Сыртқы мүмкіндіктердің осы тұста маңызы зор.

- **Л.Н. Толстой өзін-өзі тәрбиелеудің келесі міндеттерін көрсетті: «Мен үшін өмірдегі ең маңыздысы осы үш кемістіктен құтылу:**

Мінезсіздік

Ашуланшақтық

Жалқаулық

**Тұлғалық қасиеттер адамның қалауынсыз және еңбегінсіз қалыптаса алмайды. Өзін- өзі тәрбиелеу арқылы ең жақсы қасиеттер дамиды.**

Неміс ақыны Ф.Логау айтуынша:

«Өзіңмен өзің түскен күрес — ең қыйын күрес, өзіңді өзің жеңген жеңіс – ең ұлы жеңіс».



Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, ол басқа да әрекеттер сияқты өзінің негізгі күрделі жүйесі, мотивтері, белсенділік мотивтері бар. Әдетте мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен көзі жетілуге деген қажеттелік арқылы түсіндіріледі. Алайда бұл қажеттілік қажеттілік арқылы талаптар арасындағы қарсылықты шешуді құрамайды.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесі мүлдем жеке түрде. Алайда одан үш өзара байланысты деңгейді таңдап алуға болады:

- Өзін-өзі жоспарлау
- Өзара әрекет ету
- Өзін-өзі тану;

- **И.П. Подласый, бойынша өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз – тұлғаның мәдениетін қалыптастырып, өзін-өзі дамытатын жүйелі және саналы әрекет.**
- **Педагог Ю.К. Бабанский бойынша тәрбие процессі жақсы ұйымдастырылған болса өзін-өзі тәрбиелеу процессіне алмасады.**

## Өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыратын сыртқы факторлар:

- педагогикалық ұжым
- бос уақыт
- мектепті басқару стилі

# Педагог А.И. Кочетов өзін-өзі тәрбиелеудің келесі параметрлерін көрсетеді:

- Бағыттылық, яғни өзін тәрбиелеуге деген мотив
- мазмұндық (ақыл-ой, физикалық, рухани, еңбектік, эстетикалық , ерік , кәсіби , кешенді)
- Тұрақтылық
- Тұлғаны қалыптастырудағы тиімділік )

# Педагогтың тұлғалық сипаттамасында кәсіби педагогикалық өзіндік санасы маңызды рөл ойнайды. Оның құрылымы:



**В.А. Мижериков және Т.А. Юзефавичус бойынша болашақ педагог өзін-өзі тәрбиелеу барысында жағымды қасиеттерін одан әрі дамытып, теріс қасиеттерін жоюы тиіс.**

Кез келген кемшілікті жою үшін мынадай өзін-өзі тәрбиелеу әрекетінің бірізділігін қолдануға болады:

1. Өз іс-әрекетіндегі немесе мінез-құлқындағы кемшілікті табу және себептерін анықтау.

2. Осы кемшілікке деген эмоциялық қатынас, оны жағымсыз қасиет ретінде сезіну.

3. Келесі әрекет - өзін-өзі өзгерту ұстанымдарын анықтау.

4. Кемшілікті жою тәсілдерін анықтау.

Өзіндік дамудың екі педагогикалық нәтижесі бар. Бірінші жағынан – тұлғалық даму мен кәсіби өсуде болатын өзгерістер, екінші жағынан – өзіндік дамумен айналысуға қабілеттілікті игеру. Аталған нәтижелердің жүзеге асқандығын төмендегі әрекеттерден көруге болады:

- \- Мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндікдаму міндеттерін қою;
- \- Жоспарлау: өзіндікдаму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;
- \- Өзіндік бақылау: өзіндікдамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;
- \- Түзету: өзімен жүргізілген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

**Өзін-өзі тәрбиелеу бойынша К. Д. Ушинский жас кезінде мынадай жоспар құрған:**

1. Байсалдылық, кем дегенде сыртқы байсалдылық.
2. Сөз бен іс-әрекеттегі турашылдық.
3. Іс-әрекеттің саналылығы.
4. Шешімді тез қабылдаушылық.
5. Егер қажет болмаса өзі туралы бір сөз де айтпау.
6. Уақытты саналы өткізу.
7. Әр күні кеште өз іс-әрекеттеріне есеп беру.
8. Ешқашан болған нәрсеге немесе болатын нәрсеге мақтанбау».

Оқыту және тәрбиелеу мәселелерімен шұғылданған әлемге әйгілі ғұламалар Я.А. Коменский, Ж.Руссо, Песталоций, Дистервег, орыс ғалымдары К.Ушинский, Л.Толстой, А.Макаренко, В.Сорока-Росинский, В.Сухомлинский, т.б. “*егер кез келген адам өзін-өзі тәрбиелеу дәрежесіне жеткен күнде оны тәрбиелеудің қажеті жоқ, өйткені оны тәрбиелеу аяқталды*” деген пікірді дәріптеген. Өйткені “*оның тәрбиесімен басқа біреулердің шұғылдануының қажеті жоқ, ол енді өзін-өзі тәрбиелей алады*” деген пікірге келгені педагогиканың тарихынан белгілі.

# Қорытынды:

Болашақ педагог жоғары оқу орнында оқудың алғашқы күнінен бастап-ақ кәсіби бағытталуды қалыптастыру үшін жұмыстанып, өзін оқыту-тәрбиелеу үрдісімен айналысуға жан-жақты әзірлену керек.Педагогикалық университеттердің оқу жоспарларында мамандық бойынша педагогтарды даярлауға басым көңіл бөлінеді. Студент оқу барысында ғылымды меңгеріп, оның ұғымдық аппаратын білгені жөн. Тек белгілі бір пән бойынша білім алып қана коймай, сол пәннің тәрбиелік мәнін де ұғынуы тиіс. Психологиялық-педагогикалық ғылым саласынан терең де жан-жақты теориялық және практикалық дайындықсыз оқыту-тәрбиелеу міндеттерін шешу оңай емес.